

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы бас бақылау инспекциясының агроөнеркәсіп кешеніне кредиттердің уақтылы бөлінбеуі мәселелер жөніндегі тілхаты туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 мамыр 1993 ж. N 341

Республика Президенті мен Үкіметінің актілерін жүзеге асыру жөніндегі атқарушылық тәртіптің жалпы төмендегенін және Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Бас бақылау инспекциясының кәсіпорындар мен ұйымдарға айналым қаржыларын толықтыруға кредиттер берілуі жөніндегі, сондай-ақ 1993 жылы мемлекеттік мұқтаждар үшін өнім сатып алу мен беріп тұруды қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмалардың орындалмай қалғаны туралы тұжырымдарын еске ала келіп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қаржы министрлігі агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарына кредит ресурстарын тікелей бөлу жөніндегі ұсыныстарды уақтылы енгізбегені, ал облыстардың әкімдерінің кредит алуға арналған өтінімдерін бұларға деген қажеттіліктерді есептеудің белгіленген тәртібінен елеулі ауытқушылықтармен бергені атап көрсетілсін.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Кәсіпорындар мен ұйымдарға меншігіндегі айналым қаржыларын толықтыруға бөлінген кредиттерді беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1993 ж., N 1, 17-бап) 1993 жылғы 7 қаңтардағы N 19 қаулысын Р930019_ орындауға жауапсыз қарағаны , агроөнеркәсіп кешеніне кредит ресурстарын беру жөніндегі негізделген ұсыныстар енгізуді едәуір кешіктіргені, мұның өзі ауыл шаруашылық өндірісімен шұғылданатын меншіктің барлық нысанындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қиындата түскені үшін Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары А. Ф. Романовқа және Қаржы министрінің орынбасары П. И. Менжулинге қатаң сөгіс жариялансын.

3. Қазақстан Республикасының Президентінен коммерциялық банктерге бұдан былайғы жерде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарына бөліп беру үшін кредит ресурстарын беруде оралымсыздыққа жол берілгеніне, кредиттер беру жөніндегі өзіне келіп түскен өтінімдер мен есептеулерді уақтылы қарамағанына және олардан негізсіз бас тартқанына Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің (Ғ. Байназаров) назарын аудару сұралсын.

4. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Басшысы Н. Ә. Әбіқаевқа Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "

Кәсіпорындар мен ұйымдарға меншігіндегі айналым қаржыларын толықтыруға бөлінген кредиттерді беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы" 1993 жылғы 7 қаңтардағы N 19 қаулысы мен "1993 жылы мемлекеттің мұқтажын қамтамасыз ету үшін өнім алу мен беріп тұру туралы" 1993 жылғы 25 ақпандағы N 153 қаулысының жүзеге асырылуына пәрменді бақылауды қамтамасыз етпегені үшін Қаржы мен еңбек және Экономикалық саясат бөлімдері қызметкерлерінің жауапкершілігін қарау тапсырылсын.

5. Жергілікті әкімдерге, республиканың министрліктері мен ведомстволарының басшыларына республика Президенті мен Үкіметінің актілерінің жүзеге асырылуына бақылауды күшейту, олардың толық және уақтылы орындалуына қол жеткізу міндеттелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі